

## "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының N 1 дәріханасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 1 наурыз N 312

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасы Медициналық орталығының N 1 дәріханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының оны Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) етіп белгілеу туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі саласы дәрі-дәрмектерді, дәрілік заттар мен емдеу құралдарын, медициналық жабдықтар мен аспаптарды дайындау және сату болып белгіленсін.

4. Уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның жарғысын әзірлеп, бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*